ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 27 қазан № 4360-23-00-2/2461 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Сансызбаева А.М., оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«1000BATYR» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Болат Дуйсебаевич Парманкулов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 267-4-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «1000BATYR» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Болат Дуйсебаевич Парманкуловты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «1000BATYR» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Болат Дуйсебаевич Парманкулов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «1000BATYR» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Болат Дуйсебаевич Парманкуловтан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.
Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Сансызбаева А.М.**

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 30.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 13.12.2023, судья Елшібеков Б. Е., 14.12.2023

4360-23-3-1/2627